4 курс студенттерінің педагогикалық практикасы бойынша қорытынды конференциясы

2025 жылдың 06 қазан мен 19 желтоқсан аралығында Математика, физика және информатика факультеті, Информатика және білімді информатизациялау кафедрасының «6В01507 – Информатика», «6В01508 – Информатика ағылшын тілінде», «6В01509 – Информатика және робототехника» білім беру бағдарламалары бойынша білім алатын 4 курс студенттері педагогикалық өндірістік практиканы табысты өтті**.**

Қортынды конференцияға 108 студент қатысты. Олардың ішінде 5 студент Астана қаласындағы мектептерде практикадан өтті, ал 31 студент үшін практика базалары білім беру ұйымдарының жеке сұраныстары негізінде бекітілді, қалған студенттер Алматы қаласындағы бірқатар жетекші білім беру ұйымдарының базасында практика өтті. Олар:

№181 жалпы білім беретін мектеп,
«№126 мамандандырылған лицей» КММ,
№33 мектеп-лицей, №15 гимназия,
Dostyk School,
№167 жалпы білім беретін мектеп,
С.А. Ходжиков атындағы №39 мамандандырылған лицей,
№173 мектеп-лицей,
№178 мамандандырылған лицей,
М. Дулатов атындағы №136 мектеп-гимназия,
Қасыл Қатықбаева атындағы №168 мектеп-гимназия
Республикалық физика-математика мектебі (РФМШ).

Конференцияға университет тарапынан практика жетекшілері: Сағимбаева А.Е., Шекербекова Ш.Т., Жунусова Л.Х., Байзакова Е., Тульбасова Б., Курманғалиева Н., Омарова С., Абишева А., Арынова Г.С., Маликова Н.Т., Жамкеева А.Б., Буканова А., Беделов Қ., Авдарсоль С., Әкімжан Н., Дәуітова Г., Сейсембекова П., сондай-ақ педагогикалық практикадан өткен студенттер қатысты.

Педагогикалық практика өту барысында бірқатар 4 курс студенттері өздерінің кәсіби жауапкершілігін, белсенділігін, шығармашылық қабілетін және педагогикалық шеберлігін жоғары деңгейде көрсете білгені үшін алғыс хаттармен марапатталды: Нығметханова Жайдары Дүйсенғалиқызы, Мұрат Сымбат Айдынқызы, Қоңырбаев Рысбек Қайырбекұлы, Қарсыбай Алтынай Ергешбайқызы, Қалтай Нұрқабыл Бейбітұлы, Орналы Нұржан Қуатжанұлы, Салмурза Жанерке Айболатқызы, Есембаева Альмира Ерболовна, Ерланова Асель, Махмұт Аружан, Абдихали Шерхан, Жұныс Айгерім. Сонымен қатар, Жұмабаева Нұрсулуға дуалды оқыту жүйесі аясында педагогикалық практикадан өтуде. Ол Алматы қаласы, Алатау ауданындағы №201 мектеп-гимназиясында информатика пәні мұғалімі ретінде еңбек етіп, алған теориялық білімін нақты педагогикалық тәжірибемен ұштастыруда.

Практика барысында студенттер сабақтарды өздігінен жоспарлау, өткізу, бағалау және рефлексия жүргізу дағдыларын жетілдірді. Сабақтар заманауи талаптарға сай жабдықталған информатика кабинеттерінде өткізіліп, цифрлық білім беру ресурстары мен ақпараттық-коммуникациялық технологиялар кеңінен

қолданылды. Студенттер оқу-тәрбие үдерісіне белсенді қатысып, мектеп ұжымымен және оқушылармен кәсіби қарым-қатынас орната алды.

Практиканың маңызды ерекшелігі студенттердің Lesson Study және Action Research әдістерін қолдануы болды. Бұл әдістер студенттердің өз сабақтарын талдап, оқыту үдерісін жетілдіруге бағытталған кәсіби рефлексия жүргізуіне мүмкіндік берді.

Практика нәтижелері жұмыс берушілер тарапынан жоғары бағаланды. Мектеп әкімшілігі мен пән мұғалімдері студенттердің жауапкершілігін, сабақтарға мұқият дайындалуын, оқу материалын креативті әрі түсінікті жеткізе білуін атап өтті. Әсіресе, цифрлық платформаларды тиімді пайдалану және оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру қабілеті студенттердің кәсіби шеберлігінің айқын көрсеткіші ретінде бағаланды.

Сонымен қатар, практика барысында инклюзивті білім беруді қажет ететін оқушылармен жұмыс істеу кезінде белгілі бір қиындықтар анықталды. Аталған мәселелерді шешу мақсатында оқу жоспарына енгізілген «Инклюзивті білім беру ортасы» пәнін (3 кредит, 5-семестр) меңгеру студенттердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға ықпал етті.


Жалпы алғанда, 4 курс студенттерінің педагогикалық өндірістік практикасы болашақ мұғалімдердің кәсіби қалыптасуында маңызды кезең болып, олардың теориялық білімін тәжірибемен ұштастыруына, педагогикалық шеберлігін арттыруына және еңбек нарығына дайын маман ретінде қалыптасуына берік негіз қалады.

Педагогикалық практика жетекшісі
Информатика және информатизациялау кафедрасы
Жамкеева А.Б.






Адлетова Арайлы Нұрымбетқызы
ИОК-221


Практиканттың аты-жөні: Сабыров Әбдіқасым
Мектебі: №33 Мектеп-лицей
Жетекшісі: Буканова А. К.
Пән жетекшісі: Бейсембай
Сыныбы: 9Ә






АЛҒЫС ХАТ


33 мектеп-лицей
Директор:Алиев Нұрлан
Меркенович
Оқушы саны: 709
ДОЖО: Қойшығұлұлы Қанат